

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА
АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**НИЗАМИ АТЫНДАҒЫ ТАШКЕНТ МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТИ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ
МЕТОДИКАСЫ КАФЕДРАСЫ**

КУРС ЖҰМЫСЫ

**Тақырып: Орфографияны оқытудың
дидактикалық мәселесі**

Қабылдады: Худайбергенова Нуржамал

Орындады: Дуйсебаева Дилбар

ТАШКЕНТ - 2013

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе.....	3
II. Негізгі бөлім.	5
1. Орфографияны оқытудың дидактикалық және әдістемелік мәселелері	5
1.1 Орфографияны оқытудың дидактикалық мәселесі.....	5
1.2. Орфографияны оқыту принциптері.....	8
2. Орфографияны оқытуда қолданылатын әдістер.....	16
2.1. Оқыту әдістері.....	16
2.2. Орфографияны оқытуда грамматикалық ереженің ролі.....	19
III. Қорытынды	24
IV. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	28

КІРІСПЕ

Курс жұмысының көкейкестілігі: Тақырыптың жалпы сипаттамасы ретінде айтарымыз – орфография мәселесі, яғни сөздерді дұрыс жазу мәселесі. Бұл сала - ғалымдарды ертеден -ақ ойландырып келе жатқан ғылым саласы.

Адамдар өзінің айтайын деген ойын бір – біріне ауызша да, жазбаша да жеткізе алады. Орфография, немесе емле, дұрыс, яғни сауатты жазу нормаларын белгілейді. Дұрыс жазу нормаларының көздейтін негізгі мақсаты – айтайын деген ойды жазба түрде дәл де айқын жеткізіп беру. Қазақ жазуы осы күнге дейін 1957 жылы қабылданған емле ережелерін пайдаланып келді. Бұл ережелер 1940 жылы жаңа графикаға көшумен байланысты жасалған емле заңдарының негізінде өңделіп, толықтырылып жаңадан түзілген болатын.

30 жылдан астам уақыт ішінде осы ережелерді қолданып келген жазу тәжірибеміз қазақ орфографиясы қағидаларының сәйкес жасалған емле қағидалары негізінен дұрыс екендігін көрсетті. Мұны көптеген сөздердің жазылуының тұрақталып, бір ізге түскендігі дәлелдейді. Әсіресе екі түбірден құралып, терминдік мәнге ие болған сөздердің біріктіріліп жазылуы берік орын тепті; үш буынды сөздердің арасында қысаң –ы, -і әріптерінің жазылуы әбден орнықты (мысалы: үкіметі, мағына, қазына, жапырақ, топырақ); дыбысталуы жағынан екі түрлі болып жазылып жүрген сөздер іріктеліп, тұрақты болып жазылып жүрген сөздер іріктеліп, тұрақты қалыпқа түсе бастады (мысалы: қазір, диқан, өйткені, бәйге, ерегіс сияқты сөздердің кәзір, дихан, үйткені, бәйгі, ерегес түрінде жазылуы сирей түсті); орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда, олардың жіңішке не жуан болуы немесе дәнекер –ы,-і әріптері арқылы жазылуы, я болмаса соңғы бірер дыбысын түсіріп таңбалауы да біршама орнықты; дефис арқылы жазылатын тұлғалар да едәуір реттелді.

Солай десек те, емле заңдылықтары да тілдің өзі сияқты дамып, жетіліп отыратын құбылыс болғандықтан, 1957 жылы түзілген қазақ орфографиясының принциптері негізінен дұрыс, жинақы бола тұрса да, кейбір ережелерін әлі де болса жетілдіре, толықтыра түсу қажеттігі туды. Осы себептерді ескере отырып Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтымен Қазақ ССР Оқу министрлігі 1957 жылғы орфографиялық ережелер жинағын (кодексіне) толықтырулар мен өзгертулер енгізіп, оның жаңа редакциясын ұсынды.

Осы ресми түрде қабылданып, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1953 жылғы 25 августығы Указымен бекітілді. 1987 жылдың 6 мартында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі Республикада қазақ тілі мен орыс тілін оқып үйретуді жақсарту туралы қаулылар қабылдады. Бұл қаулылардың үлкен әлеуметтік мәні елімізді, оның ішінде ұлт республикаларын мекендеген халықтардың

кемі екі тілде сөйлей білуі - өмірдің өзінен туып отырған қажеттілік, өмір заңдылығы екендігін көрсетуде ғана емес, сонымен қатар тілдердің беделін арттырып, мәдениетін көтеруге жұртшылық назарын мықтап аударуында. Ал тіл мәдениетін көтеруде дұрыс сөйлеп, сауатты жазу бірінші кезекте қойылады. Сауатты жазу үшін іріктелген емле ережелері мен сол ережелерге сай түзілген толық орфографиялық сөздіктің керектігі даусыз.

Қазақ тілінің толық орфографиялық сөздігі алғаш рет 1963 жылы жасалып, жарық көрді. Ол 1978 жылы толықтырылып, түзетіп, екі рет басылды. Бұл басылым жазу дәстүрімізді одан әрі бекітіп, оның мәдениетін көтере түсуде айтарлықтай қызмет етті. Бұл еңбекте бірге не бөліп жазылатын сөздер ажыратылып көптеген терминдердің және аралық, құмартану тәрізді сыңарлармен келен сөздердің біріктіріліп жазылуы тұрақтандырылды. 1- басылымға еңбей қалған сөздер қосылды; бөлек жазылатын тіркестер молынан қамтылды. Осылардың барлығы сауатты жазуды арттыра түсуде игілікті әсер етті. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі 1988 жылы және 1995 жылдары көпшілікке толықтыруларымен жарық көрді.

Белгілі бір сөздер мен сөз тіркестерінің жазылуы бір ізге түспеген болса, екі үш түрлі жазылып жүрген болса, ең сауатты жазатын адамның өзі толқып қиналады. Басылып шыққан кітап, газет, журналдар дұрыс жазудың бірден бір үлгісі болуға тиіс болғандықтан және сауатты жазуға алғашқы бастап үйрететін жер, мектеп екендіктен, бұл қиындық әсіресе редакция баспа қызметкерлері мен мектеп мұғалімдерінің басына түседі.

1960 жылы баспа қызметкерлері мен мұғалімдерге арналған қазақ тілі емлесі мен тыныс белгілері ережелерін бір жерге жинақтап баяндайтын тұңғыш анықтағыш шыққан болатын. Бұл анықтағыш өңделіп, түрлі түзетілер енгізіліп, 1974 жылы «Мектеп» баспасынан жарық көрді.

Аталған басылымға өте сирек қолданылатын немесе қазір де көптеген көнерген сөздердің жазылуы да орфографиялық сөздіктерден бұрын орын алмай келе жатқан сөздерде енді. Себебі бұлар әдеби тілімізде актив немесе норматив болмағанмен, басылып шығып жатқан көркем әдебиетте немесе әдебиеттің өзге түрлерінде де кездеседі. Ал олардың жазылуы да кітап, газет-журнал шығарушыларды көп ойландырады.

Қазақстанның әр аймағында әр түрлі болып қолданылатын жергілікті сөздердің, яғни диалектизмнің бірқатар күнделікті жазу практикасында орын алатыны мәлім. Сондықтан бұл жолы Қазақстанның барлық жеріне тегіс түсінікті емес, әдеби нормадан тыс бірсыпыра диалектизмнің жазылуы да берілді.

Кітаптың сөздік бөлімінде жаңадан қосылғандардың дені бөлек жазылатын тіркестер, өйткені жазуда ең үлкен қиындық пен ала-құлалық туғызып келе жатқан жайттың бірі - сөздердің бөлек не бірге жазылуы екенін байқаймыз.

Ережелерде және сөздіктерде бөлек жазу керек деп көрсетілген кейбір сөздерді әсіресе газет – журналдар қосып жазуды дәстүрге айналдырып отыр.

Мысалы, өз ара, бір тұтас, келіс сөз сияқты сөздер көбінесе өзара, бір тұтас келіссөз түрінде жазылып кетті.

Сондай-ақ кейбір сөздердің жазылуында орфографиялық сөздіктердің өз араларында айырмашылық болып келгенін де байқаймыз. Осының салдарынан бір алуан сөздер екі түрлі жазылып жүр. Бірақ, олардың бір нұсқасы басымдау екені кездеседі. Мысалы, ғылыми, ғылми, башқұрт, башқұр, монғол, моңғол деп екі түрлі көрсетілген сөздердің алдыңғы сыңарлары көбірек жазылып жүр.

Курстық жұмыстың мақсаты: Қазақ орфографиясын игерудің негіздері бойынша сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру, сауатты жазудағы ережелердің ролін көрсету. Жазылған субъектің міндеті орфографиялық принциптерді игерудің жолдарын, орфографияны игерту барысында оқушылардың тілін дамыту жұмыстарын тиімді жүргізу әдістерін меңгертуді үйрету.

Курс жұмысының міндеті: Орфографияны игеруде қолданылатын әдістердің табиғатын ашып көрсету, тілдің түрлі салаларына байланысты орфографиялық материалдарды меңгерту, оқушылардың тілін дамыту бойынша жүргізілетін жұмыстардың көлемін анықтау, оқытудың дидактикалық және әдістемелік мәселелерін, сауатты жазуға үйрету жұмыстарының түрлерін қамтиды. Орфографияны меңгерудің негіздерінің бірі ретінде жазба жұмыстарының жүргізілу жолдары да бұл еңбекте назардан тыс қалмайды.

Аталған тақырыпты зерттеуде **дерек көздері** ретінде А. Жаппаровтың «Қазақ орфографиясын игерту мен диктант жаздыру әдістемесі» (Шымкент, 2012), Қ. Жолымбетовтың «Қазақ орфографиясын игерудің негіздері» (Алматы, 1975), Р. Сыздықованың «Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш» (Алматы, 1974) атты еңбектері пайдаланылады.

Курс жұмысының құрылымы. Курстық жұмыс кіріспе, екі тарау, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен құралған.

1. Орфографияны оқытудың дидактикалық және әдістемелік мәселелері

1.1 Орфографияны оқытудың дидактикалық мәселесі

Чехтың ұлы педагогы Ян Амос Коменский «дидактика» терминін кең ұғымда қолданып, өзінің әлемге тараған шығармасын «Ұлы дидактика» деп атады. «Ұлы дидактикада» тек оқыту мәселесін ғана емес, сонымен бірге ақыл-ой тәрбиесі, адамгершілік, дене, эстетикалық сияқты тәрбие түрлерін де әңгімелейді. Сөйтіп, өз еңбегінде педагогикалық жүйені әрі терең, әрі ғылыми тұрғыдан негіздеуді мақсат етті.

Бүгінгі таңда дидактика – педагогика ғылымының білім беру және оқыту теорияларын белгілейтін бір саласы және маңызды саласы. Дидактика:

- 1) оқытудағы таным процесін анализдеу,
 - 2) дидактикалық принциптер,
 - 3) білім берудің мазмұны,
 - 4) оқыту жұмыстарын ұйымдастыру формалары (сабақ туралы ғылым),
 - 5) оқыту әдістері,
 - 6) оқушы білімін бағалау және есепке алу мәселелерін зерттейді.
- Дидактикада мектепке оқылатын барлық пәндерге тән оқыту процестерінің жалпы заңдылықтары қарастырылады.

Мектепте оқылатын әрбір жеке пәндердің (тіл, тарих, математика, биология т.б.) сипаттарына қарай, ол пәндердің өзіндік ерекшеліктері ескеріле отырып, жеке пәндерді оқыту методикасы жасалады. Дидактиканың зерттеу объектісіне кіретін мәселелермен жеке пән методикасы да шұғылданады. Сондықтан жеке пән методикасы деудің орнына «жеке дидактика» немесе «арнаулы дидактика» термині қолданыла береді.

Россияда ең алғашқы методикалық туынды Ф.И. Буслаевтың 1844 жылы жарыққа шыққан «Отандық тілді оқыту туралы» деген еңбегінен басталады. Федор Иванович Буслаев ХІХ ғасырдағы көрнекті орыс филологтарының бірінен саналады. Ф.И. Буслаев салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізін қалады.

Оның осы жоғарыда аталған методикалық жұмысы және онан кейінгі уақыттарда жазған орыс грамматикасы оқулықтары отандық тілді оқытуды жолға қою жөніндегі елеулі еңбек болды. Жазған зерттеулерінде сол кезде үстем болып келген догматизмге қарсы тұрып, орыс тілін оқыту принциптері мен әдістерін жаңаша белгіледі. «Отандық тілді оқыту туралы» методикалық еңбекте оқытудың принциптері орыс филология ғылымының теориялық мәселелерімен ұштастырылады. Бұл – Буслаев методикасының ең бір құндылық жағы еді.

Буслаев өзінің методикалық көмекші құралында баланы тәрбиелеу және оған білім беруде ана тілінің алатын орны мен ролін белгіледі. Оның пікірінше, отандық тіл адамға білім беруде ерекше орын алуы тиіс, өйткені оқушының барлық рухани жан дүниесінің өсуі ана тілін қалай және қандай

көлемде білуімен тікелей байланысты. Сондықтан да отандық тіл мектепте оқылатын барлық пәндер ішінде басты орын алуға тиіс деп есептеледі.

Буслаев орыс тілі грамматикасындағы кемшіліктерді де орынды көрсетті: «Осы уақытқа дейін бізде отандық тіл латынша және грекше үлгіде жасалған грамматикалар бойынша оқытылып келеді; демек, оларда, біріншіден, лингвистикалық элементтер жеткіліксіз, екінші жағынан, көп нәрсе артық, әсіресе септеу, жіктеу, меңгеру, байланысу жайлы ұсақ ережелер көп берілген» [1, 24 бет].

Ана тілін оқытудағы догматизм мен схоластиканы жою үшін Буслаев тілді көрнекті жазушылардың шығармаларына негіздеп оқытуды жөн көрді.

Буслаевтың орыс тілін оқыту жөніндегі методикалық жүйесінде грамматика жетекші орын алады. Бірақ оны бұрынғысынша септеулер мен жіктеулердің жалаң схемасы түрінде емес, оқушылардың ауызша және жазбаша тілін дамытуға көмектесетіндей етіп оқытуды көздейді. Бұл үшін грамматиканы салыстырмалы-тарихи жолмен жүйелі оқыту қажет деген қорытындыға келеді.

Буслаев сөз таптары мен сөйлем мүшелерін оқушылар адамдардың қатынас жасаудағы негізгі бірлігі ретіндегі сөйлеммен таныстырылғаннан кейін оқыту тиімді деп есептейді: «Жеке бөліктер бүтінсіз түсініксіз болатындығы сияқты, бүтінді де жеке бөліксіз түсіну мүмкін емес, сөз таптары түсінікті болу үшін, сөздер белгілі болу керек, ал сөйлеудің ең қысқа және ең қарапайым түрі – сөйлем. Балалар сөз арқылы сөйлеседі, оған сөзден гөрі сөйлемді түсіну оңай, ал сөйлеу әдетте белгіліден басталып, кейде белгісіздерді де араластырып отырады. Ана тілі әркімнің қажеті болғандықтан, оны үйрету оқушының рухани қабілеттілігін арттыру болып табылады. Міне, сондықтан да отандық тіл пәнін оқыту үшін педагогикалық әдістер қажет екендігін аңғартамыз». Өзінің барлық методикалық пікірлерін мектептегі оқу жұмысы практикасында жүзеге асыру үшін, ол – жалпы дидактикалық принциптерді де, сондай-ақ, оқушылардың жас ерекшелік мүмкіндіктерін де ескере отырып, отандық тілді оқыту әдістерін мұқият белгіледі.

Орфографияны оқыту жөніндегі Буслаев пікірі еске тұтарлық пайдалы методикалық кеңес: «...Емлені грамматикалық жолмен оқыту қалай сөйлесең, қалай естісең солай жаз деген қағидамен шектелмейді, қайта, грамматика бойынша, сөздердің өзгеруі мен түрленуін және сөйлемдердің байланысу заңдылықтарын ескере отырып жазуды талап етеді...емлені үйретуде өзінше жаңалық енгізуге болмайды, тіпті емлені жетілдіруде айтарлықтай көмектесерлік жаңалық болғанның өзінде де жалпы пайдаланудағы ізбен жүру керек».

Буслаевтың орфографиялық дағдыны игеруде бір ізділікті сақтау жөніндегі талабы да құптарлық: «Оқушылар көрсеткенді әбден берік меңгергенше, жаңаны бастамау керек». Сондай-ақ, оқу сабақтарын оқушылар материалды басынан аяғына дейін саналы игеретіндей етіп ұйымдастыруды

ұсынады да, мазмұны және орындау сипатына қарай бірте-бірте күрделеніп отыратын әр жақты жаттығулар пайдалануға кеңес береді.

Оқушылардың жазбаша тілін дамыту туралы пікірінің де елеулі маңызы бар. Ол – мұғалімдер алдында элементарлық практицизммен шұғылданбай, балаға әдеби тіл негіздерін үйретуді басты мақсат етіп қояды. Оқушыларға іс қағаздарын үйретуге де қарсы болған жоқ.

Академик Буслаевтың методикалық көмекші құралы методиканың дамуында аса зор роль атқарады. Оның теория мен практиканың байланысы, баланың жас ерекшелігін ескеру, ана тілі сабақтарында көркем шығармалар текстерін пайдалану т.б. жөніндегі пікірлері бүгінгі күнге дейін өз мәнін жойған жоқ. Алайда, грамматиканы тек көркем шығарма текстеріне негіздей оқыту және ана тілін салысырмалы-тарихи жолмен оқыту жөніндегі пікірлері біздің заманымызға лайық келмейді.

Қазақ халқының ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларына жедел хат танытуға және қысқа уақыт мерзім ішінде орыс тілін білдіруге ерекше көңіл бөліп, оның тиімді жолын іздестірді және оны тапты да. Алғаш ашылған мектептегі өзінің мұғалімдік жұмысы және оқыту әдістері туралы ол былай деп жазды:

«Мен балаларды оқытуға, қойға шапқан аш қасқырдай, өте қызу кірістім. Бұл балалар да менің айызымды қандырып, не бары үш айдың ішінде оқи білетін және орысша, татарша жаза білетін болды... Мен әуелі оларға зат есімге ғана жататын зат аттарын үйретемін; содан кейін заттың сынын көрсететін сын есімді үйретемін, осылардан кейін зат есімді олардың сынымен қосып, *ақ адам* деген сияқты сөйлемдерді құрып үйретемін. Одан әрі етістік, жіктеу, септеу, орысша сөздерді, жынысқа бөлуді және есеп үйретемін. Осыдан кейін келіп самоучительден сөйлем аударып үйретемін» [2, 48 бет].

Ыбырай Алтынсарин оқытуға ұсынылатын материалдары іріктеуде өте ұқыпты болды: баланың жас және ұлттық ерекшелігін, психологиясын, ақыл-ой өрісін, талғамын және олардың игеру қабілетін үнемі ескеріп отыруды қадағалады.

«Бірінші кітабымды Паульсон кітабының құрастырылу тәртібімен жазып шыққалы отырмын. Әрине, мұны қазақ балаларына лайықтап жазамын. Мысалдарды (басни) енгізгім келмейді, өйткені қатаң тұрмыста өскен қазақтарға бұдан гөрі мәндірек әңгімелер керек болады. Мысалдарды қазақ балалары оқығысы келмейтінін, оқыса оған күлетінін, ал олардың ата-аналары балаларымызға сауысқан мен қарға сөйлейді деген сияқты нәрсені үйретеді деп, тіпті ренжитінін тәжірибемнен білемін. Қазақ балаларына, меніңше, мағыналы анекдоттар, жұмбақтар, ойына ой қосатын әңгімелер немесе оларды қызықтыратын, мысалы, жібек құртының, көбелектердің өзгерулері сияқты, құндыздың өзіне үй салып алатыны сияқты әңгімелер тәуірірек болады. Өлең жағын мен, мүмкін болғанша, қазақ өлеңдерінің арасынан іріктеп аламын» [3, 96 бет].

Ыбырай Алтынсарин берілген сабақты «балалар түсініп алғанға дейін, орынсыз ілгері озып кетуге болмайды» деп есептеді. Кітап оқуға оқушыларды ынталандырып, оқығандарын берік ұғып қалу үшін, мынадай тәсілдер ұсынады: «...оқушылармен бірге қайта-қайта оқып, ауызша әңгімелер өткізіп отыруды, әңгімені орыс тілінде, әрине, түсіндіре отырып, айқын өткізуді өте пайдалы деп білетінімді айта кету борышым деп білемін; бұл әңгімелердің аяғында оқушылардан оқығандарын қайталап сұрап отыру қажет. Мұндай әңгімелерді оқушылардың қызығып тыңдайтынын және жеңіл ұғып алатынын мен өз тәжірибемде көргенмін.

Оқытудың жүйелі және парасатты ұйымдастырылуы қажеттігіне, нендей материалды қалай оқытатындығын күн ілгері жоспарлап, оны оқушыға қалай да білгізу әдістерін белгілеуге мұғалімнің жауапкершілікпен қарау керектігін Алтынсарин баса көрсетеді: «Оқушылардың түсінбеушілігін оқытушылардың өз кінәсы деп білмей, оқушылардың оқуға зер салмайтындығынан немесе топастығынан деп білетін мұндай оқытушылардың қатты адасатыны айтпай-ақ түсінікті. Менің тәжірибемде мұндай оқытушылар педагогтар ұсынып отырған оқу құралдарымен еш уақытта дұрыс танысып алмайды, олардың ешбіреуін аяғына дейін оқып шықпайды, оқушылардың жалпы мінез-құлқына, ақыл-парасатына, онымен қатар, орыс балаларына қарағанда, қазақ балаларының ана тілінде өзгешліктер болатынына, ана тілінің басқалығына зер салмайды, осылардың бәрін еске ала отырып, шындап еңбек сіңірмейді. Мұның аяғы балаларды басы да жоқ, аяғы да жоқ бірдемеге, ешбір тәртіпсіз оқытуға әкеліп соғады», – деп отырып, бұл пікірін педагогикалық тұрғыдан былайша жалғастыра түседі: «егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс. Ол – балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек; әрбір нәрсені де ықыласпен түсінікті етіп түсіндіру керек; мәнерлі сөз, орынсыз терминдерді қолданбау керек; мұндай сөздер оқушыларға ғана түсініксіз болып қоймайды, басқа тыңдап отырған адамдардың құлағына да жақпайды».

Кеңес дәуірі педагогикасының методикалық негізі диалектикалық және тарихи материализм болып табылады, ал оқушылардың таным процесі туралы ілім негізінде маркстік-лениндік таным теориясы алынады. Бұлар тұтас алғанда, кеңес дәуірі педагогикасының, жеке алғанда кеңестік дидактиканың ғылымдық сипатын белгілейді [4, 99 б.].

1.2 Орфографияны оқыту принциптері

Таным теориясы бойынша, оқыту процесінде ең бірінші және маңызды кезең оқушылардың өтіліп отырған зат немесе құбылыстарды қабылдауы болып табылады. Оқытуда табысқа жету көп жағдайда оқушылардың қабылдауын дұрыс ұйымдастыруға байланысты. Міне, осыдан келіп, қабылдаудың айқындылығы оқытудың бірінші принципін құрайды.

Оқыту процесінде көру арқылы қабылдау маңызды роль атқаратындықтан, бұл – педагогикада көрнекілік принципі деп аталады. Дұрыс қабылдау үшін есту, аңғару сияқты сезім мүшелері де қатынасып отырады. Көрнекілік принципі мұның барлығын да өзіне қамтиды. Сондықтан бұл термин шартты түрде алынды.

Көрнекілік және қабылдаудың айқындығы өтіліп отырған объектіні саналы түсіну процесімен тығыз байланысты. Зейінді объектіге шоғырландыра отырып, құбылыстың мәнін білу, онда қандай байланыстылық бар екендігін аңғару, байланыстардың себебін ашу, өтіліп отырған құбылысты жан-жақты тану мүмкіндігін береді. Бұдан білімді белсенді түрде меңгеру принципі келіп шығады.

Оқытудың келесі кезеңінде білімді пысықтай отырып, оны бекіте түсу процесін жүзеге асыру болады. Бұл – меңгерілген білімнің беріктік принципін туғызады. Білімді саналы және берік игеру материалды оқушының шама-шарқына лайық оқытқанда ғана жүзеге асырылмақ. Дұрыс қабылданбаған немесе оқушының меңгеруге шама-шарқы жетпеген материалдар оқытудың келесі кезеңдерінде түсінікті болуы тиіс. Демек, үйретілген материал белгілі бір жүйемен құрылуы тиіс. Мұндай талап оқытудың бір ізді және жүйелі құрылуы принципін қажет етеді. Ең соңында, оқытудың ең маңызды принципі ретінде ғылымға негізделген принцип алынады. Сөйтіп, оқыту принциптері:

- 1) көрнекілік принципі;
- 2) саналылық принципі;
- 3) білімнің берік болу принципі;
- 4) шамаға лайықтау принципі;
- 5) жүйелілік принципі;
- 6) білімнің ғылымға негізделу принципі болып алтыға бөлінеді [5, 99

б.].

Көрнекілік принцип. Көрнекілік принципін теориялық жағынан бірінші негіздеген Я.А.Коменский болса, орыс педагогтары ішінде К.Д.Ушинский көрнекіліктің мәнін психологиялық жағынан қоса алып көрсетті. Ол – көрнекілік туралы былай деп жазады: «Бұл – дерексіз түйсіктер мен сөздерге емес, балалар тікелей қабылдайтын нақты бейнеге құрылған ілім...нақтыдан дерексіз, түйсінуден ойлауға қарай оқыту соншалық табиғи және айқын психикалық заңдылыққа негізделеді».

Демек, көрнекілік принциппен оқыту оқушылардың байқағыштығын дамытуға көмектеседі.

«Көрнекі оқытудағы басты мақсат, – деп жазады Ушинский, – байқағыштыққа, оймен топшылауға жаттықтыру және өзінің байқағандарын сөзбен айтып бере білуге, сондай-ақ, одан логикалық қорытындылар шығаруға үйрету болып табылады.

Ушинский көрнекілікпен оқыту оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға, оларда бейнелі түсініктер мен дұрыс ұғымдар қалыптастыруға көмектесетіндігін, оқушылар тілін дамытуда теңдесі жоқ құрал екендігін,

оқушылар зейінін белгілі мақсатқа аударуға және оқылған материалды оқушылар есінде берік сақтауға көмектесетіндігін дәлелдермен ашып көрсетті.

Көрнекіліктің ғылыми негізі маркстік – лениндік таным теориялары мен И.П.Павловтың жоғарғы нерв қызметі туралы ілімінде негізделген совет психологиясында түбегейлі зерттелді [6, 100 б.].

Өмірде бар заттар мен құбылыстарды көрсетуі арқылы көрнекі оқу құралы мектеп оқуын өмірмен байланыстырады, сөйтіп теорияны практикамен ұштастыру жөніндегі дидактикалық принципті жүзеге асырауға көмектеседі; оқушыларда әр түрлі түсініктер мен ұғымдар қалыптастыру ісінде мұғалімге көмекші болады: оқушылардың логикалық ойлауы мен тілін дамытуда, зейінін белгілі мақсатқа аударуда, творчестволық талғамын дамытуда көмекке келеді; өтілген оқу материалдарын берік меңгерту мүмкіндігін жасайды.

Көрнекі құрал белгілі мақсат көздей отырып пайдаланылуы тиіс. Көрнекіліктің мақсаты оқушыларға нақтылы нәрсені көрсету ғана емес, нақтылықтан дерексіз қорытынды жасап отыруға үйрету болып табылады. Нақтылы көрнекі материалдарды саналы түрде меңгеру үшін, қабылданатын зат пен құбылысты дұрыс байқау, анализ жасау керек болады. Дұрыс байқай отырып, оқушы көргеніне анализ жасауға, негізгісі қайсысы екенін ажыратуға, салыстыруға, белгілі қорытынды жасауға, заңдылықтарын анықтауға үйренеді.

Оқу жұмысында көрнекі құралды пайдаланудың түрлері мен тәсілдері әр алуан болуға тиіс. Егер көрнекілік үнемі бір тәсілмен ғана пайдаланылса, оқушының ынтасы кемиді. Сонымен бірге көрнекілік оқушының жас шамасына, білім дәрежесіне лайықталуы қажет және сабақта қанша уақыт көрнекілікпен жұмыс істеу алдын ала жоспарланып отыруы тиімді. Көрнекілікті сабақтың қай кезеңінде, қалай пайдалану белгілі бір мақсатқа бағындырылады. Тиімділігіне қарай, көрнекілікті оқу процесінің барлық кезеңінде де: жаңа материалды түсіндіруде де, оқушылар білімін бақылау кезінде де пайдалануға болады.

Көрнекілік неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсы деп те айтуға болмайды. өткені көрнекілік – тек оқыту құралы ғана болып табылады. Сабақта бірнеше көрнекі құрал пайдаланылса, оның білімдік пайдасы кемитіндігін де есте ұстау қажет [7, 148 б.] .

Саналылық принцип. Оқушылар материалдарды саналы түсінулері үшін, мұғалім сабақтың қандай мақсат көздейтіндігімен алдын ала таныстырып отыруы керек. Бұл – оқушылар зейіні көзделген мақсатқа аударылып, материалды дұрыс қабылдауда, байқағыштық қабілетін арттыруда, сабақтың тиімді өтуінде өте маңызды әсер етеді.

Саналылық принципі білімді игеру барысында өзін - өзі бақылау қабілеттілігін қамтиды. өзін - өзі бақылау қабілеттілігі қоршаған өмірді жете тануға көмектеседі.

Саналылық принципі оқушылардың заттар мен құбылыстар арасындағы байланыс пен өз ара қатынастарын ашуға, оқылып отырған материал жөнінде өзінше ой қорытуға жеткізеді.

Белгілі мақсат көздеп, саналы түрде ой топшылай отырып түсінген материал жақсы нәтиже береді. Сол арқылы меңгерілген білімнің беріктігі қамтамасыз етіледі.

Меңгерілген білімнің саналылығы оны практикалық жұмыста дұрыс пайдалануға жағдай жасайды.

Мұғалім оқушыларға сабақ мақсатын, ондағы негізгі мәселе қайсы екенін айтып береді. Мұғалімнің түсінігі оқушылардың сөздік қорының мөлшеріне лайық құрылуы тиіс. Мұғалім материалды догмалы жолмен емес нақтылы дәлелдерге негіздеп, оқушыға сенімді түрде баяндауды көздеуі керек. Ғылыми материалды саналы түсінуі үшін, оқушылар фактілерді дұрыс ажыратуға, оларды топтастыра білуге, элементтері мен белгілерін таба білуге бастысы қайсысы екенін аңғаруға нендей заңдылыққа сүйенетін анық белгілеуге үйретіледі. Бұлар анализ және синтез деп аталатын логикалық операциялар көмегімен жүзеге асырылады. Айтарлық оқушылар үйде де, класста да грамматикалық ережені жақсы айтып береді, бірақ сол ережеге байланысты емлелік қате жібереді. Мұның басты себебі оқыту әдісінің жетілдірілмегендігінен, мұғалімнің формальды оқытқандығынан болады. Формальды түрде оқытуға кейбір жағдайда программалық материалдардың тазарды деп айтуға болады. Сабақ оқушылардың материалды саналы ұғынуына негіздей құрылады. Ол үшін сабақта әр түрлі әдіс, тәсілдер қолданылады, көрнекі құралдар пайдаланылады, жаттығулар жүргізіліп, үнемі қайталанып отырады, оқушылардың өздігінен жұмыс істеу талап етіледі, олардың класта да, үйде де белгілі мақсатта жұмыс істеуі ұйымдастырылады [8, 16 б.].

Білімнің берік болу принципі. Білімді меңгеру және есте берік сақтау принципі өтілетін материалды оқушының дәйекті түсініп, саналы меңгеруін талап етеді.

Білімді берік меңгерудің оқушыға дүние тану көзқарасын қалыптастыруда маңызы зор. Дүние тану адамның іс – әрекет сипатын белгілейді, оның қоғамдық бағыты мен мақсатын анықтайды.

Белгілі бір ережені қалай да жақсы түсініп, есте сақтаудың қажеттігін мұғалім оқушыға баса көрсетіп, арнайы ескеріп отырса, бұл материалдың аса қажет екендігін сезініп, оны берік меңгеруге тырысады. Оқылған материалдарды тыңғылықты игеруге оқушының ынтасын аударудың маңызы зор. Бұл үшін мұғалімнің түсіндіруі мен баяндау тәсілдері шешуші орын алады. Неғұрлым оқушы сезіміне әсер ете түскен сайын, ол материал соғұрлым есте берік сақталады. Мұғалім түсіндірген материалдың мазмұнды болуымен бірге, оның баяндау шеберлігі, сөздің жатықтығы, көрнекілікті тиімді пайдалану, көркем сипаттама юеру, айқын салыстырулар, тартымды фразалар келтіру сияқты оқушыны қалай да үйіріліп аларлық жәйттерді ойластыруы тиіс.

Оқушы материалды саналы түрде игеріп, есінде берік сақтауға төселуі қажет. Онсыз олар құрғақ жаттауға әуес келеді.

Білімді берік меңгеруде материалдарды дұрыс жүйелеу шешуші орын алады. Түсіндірілетін материалдардан басқа басы артық еш нәрсе болмай, бәрі де өз орнында тұруы тиіс. өткен материал мен жаңа материал арасындағы сабақтастық, ішкі байланыс жүйесі сақталып отыруы керек. Сондай – ақ оқу материалын оқушының жасы, білім дәрежесіне лайық мөлшерлей білуі де шешуші орын алады.

Меңгерілген білім ұмытылмау үшін арнайы жұмыстар жүргізілуі тиіс. Ондай жұмыстың ең бастысы – қайталау. Қайталау үнемі жүргізілуі тиімді, білгенді ұмытып қалғаннан кейін жүргізілетін қайталаудың ешбір пайдасы болмақ емес. Қайталауда белгілі жүйе болуы, қай уақытта нені қайталау алдын ала жоспарлануы керек.

Оқушы білімнің қаншалықты беріктігін білуде олардың білімін есепке алып отырудың да маңызы бар. Үлгірімді есепке алып қою оқушы білімін қақылап қою үшін ғана емес, мұғалімнің оқыту әдістерінің қаншалықты дұрыс жолға қойылып жүргенін белгілеуге де көмектеседі. Егер көптеген оқушы біртектес қате жіберетін болса, онда мұғалімнің оқыту әдісінде кемшілік болғаны.

Білімнің беріктік принципін жүзеге асыруда жаттығу жүргізу де маңызды фактор болып табылады. Жаттығу тек білімді бекітіп қана қоймай, сонымен бірге балада икемділік пен дағды қалыптасуына, білімді практикада қолдануға көмектеседі [9, 18 б.].

Шамаға лайықтау принципі. Оқыту жұмысы шамаға лайықталуы керек, онсыз оқытуда табыс та, саналылық та, белсенділік те, тәрбиелік те сипат болмайды. Оқушының табиғаты, даму ерекшелігі, жеке басының қасиеті ескеріліп отырылуы тиіс. Материалдардың шамаға лайықталуда мына жағдайлар ескеріледі: а) оқушылардың жас ерекшеліктері, ә) білім дәрежелері, б) программа аумағы.

Жоғарыда көрсетілгендерден басқа мұғалімнің оқыту шеберлігіне, оқытуды шамаға лайықтап құру ережесін дұрыс жүзеге асыра білуіне байланысты. Ондай ережелер мыналар: а) белгіліден белгісізге қарай оқыту, ә) оңайдан қиынға қарай оқыту, б) жақыннан алысқа қарай оқыту.

Белгіліден белгісізге қарай оқыту ережесі оқытудағы таным процесінің негізі болып табылады. Мысалыға, балаларға хат танытып, олардың дұрыс оқи және жаза алуын қамтамасыз етпей тұрып, грамматиканы оқыту мүмкін емес.

Оңайдан қиынға қарай оқыту да белгілі бір ізділікті көздейді. Балаға жазу үйрету жеке әріпті жаздырудан басталады да, одан буындап жаздыруға көшіріледі, сонан соң барып тұтас сөз жаздырылады.

Жақыннан алысқа қарай оқыту көбінесе материалдың орналастырылу тәртібі арқылы көрінеді. Мысалы, сөздің ең кіші бөлшегі, сөз құрайтын бөлшек, дыбыс болғандықтан, грамматикада ең бірінші болып фонетика

оқытылады, одан кейін грамматиканың басқа салалары күрделілігіне қарай орналастырылады.

Төменгі класс оқушыларымен жүргізілетін сабақ әрбір шамалы уақыттан кейін басқа тәсілге ауыстырылып құбылып отырылса, яғни оқушыны жалықтырмау көзделсе, орта және жоғары кластарда оқыту әдісі басқаша жолмен құрылып, неғұрлым тиянақты білім мақсаты алға қойылады. Төменгі класс оқушыларында өздеріне - өздері бақылау жағы жетіспейді, ал V – VIII класс оқушыларында өздеріне - өздері бақылау жасау, сын көзбен қарау қабілеті едәуір дамыған. Төменгі класты оқыту индуктивті сипатта құрылса, V – VIII класс және жоғары кластарда бірте – бірте дедуктивті тәсіл көбірек қолданыла бастайды. Жоғары класс оқушылары абстракт түрде ойлауға бет бұрады, ғылыми түсініктер мен логикалық ойлау қабілеттері қалыптаса түседі. Жасы өскен сайын оқушы тілі байып, сөздік қорлары артады, ғылыми жаңа терминдерді игереді [10, 62 б.].

Шамаға лайықтау принципінде кластағы жұмыстармен бірге үй жұмысын да реттеп отыру шешуші орын алады. Үйге берілген тапсырма оқушы шамасына лайықты болуы тиіс. Оқушы шамасына лайықтау дегеннен көбіне – көп материалды қиындатып жібермеу деген ұғым түсінілетін кездер де бар. Бұл, әрине, дұрыс түсінік емес. Әсіресе үйге берген тапсырма өте жеңіл болса, ол – оқушыны ойландырмайды, оқушы оған ешбір ойлау процесін жұмсамайды. Ондай тапсырмалардың түсер пайда жоқ. Шамаға лайықтау дегеннен оқушының білім дәрежесінен ауыр да, жеңіл де материалдарды көп пайдаланбау керек деген түсінік туады.

Шамаға лайықтау принципін жүзеге асыруда оқушының жеке – дара ерекшелігін де ескеріп отыру қажет. Әрбір адамның дамуында, өмір тіршілігінде, мінез – құлқында, қабілетінде өзіндік сипат, ерекшелік қасиеті болады. Оқыту және тәрбиелеуде де біздер жеке индивидуммен істес боламыз. Әр оқушыны сабақ үстінде де, мектептен тысқары да бақылап, әрқайсысының оқу қабілетіне, сөйлеу шеберлігі мен жазу сауатына, қандай жағдайда дұрыс түсініп, белгілі ұғымды меңгеретініне көңіл аударып отыру тиімді.

Жақсы оқитын оқушылар мен үлгерімі төмен оқушылардың оқу қабілеті де ескеріліп, әрқайсысына лайық қатынас жасаудың пайдасы мол. Әрине, нашар үлгіретін оқушыға көңілді көбірек бөлу қажет болатындығы түсінікті. Нашар үлгіретін оқушыға қамқорлықпен көмектесу керек. Бұл – үлгерімі төмен оқушыға қойылатын талапты төмендету жолымен емес, әр түрлі тәрбиелік жұмыстар жүргізу арқылы іске асырылуы тиіс.

Жүйелілік принципі. Жүйелілік принципі негізінде құрылған программалық материалдарды бір – бірімен байланыстыра отырып, бұрын берілген материал мен келесі материалдың сабақтас болуын көздейді,

Материалды орналастырудың жүйелілігі оны оқытудың шамаға лайық болуын да ескеріп отырады. Оқу материалдарын жүйеге түсірген кезде шамаға лайықтаудың белгіліден белгісізге қарай, оңайдан қиынға қарай, жақыннан алысқа қарай оқыту ережелері сақталады.

Оқытудағы берік жүйелілік пен бір ізділік – ғылыми білім берудің кепілі.

Әрбір жеке пән бойынша материалды жүйелі орналастыру оқушыларды да жүйелі оқуға міндетті. Егер оқушы бірнеше сабақтан қалып қалған болса, оның білімінде олқылық пайда болып, одан кейінгі материалдарды түсінуге қиындық туғызады [10, 89 б.].

Білімнің ғылымға негізделу принципі. Совет мектебі оқыту жұмысының негізіне білімнің ғылымға негізделу принципін алады. Демек, оқушы меңгерген білім ғылыми болуы керек деген сөз. Барлық пәндерден, соның ішінде қазақ тілі пәнінен жасалған программалар мен оқулықтар осы принципті басшылыққа алады. Білімнің ғылымилығы ең маңызды принцип болып табылады. Тек ғылыми білім ғана диалектикалық материалистік көзқарас қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Білімнің ғылымға негізделу принципін жүзеге асырудың едәуір қиыншылық жақтары бар. әрбір мұғалім ғылыми критерийді жетік білуге, оның қағидаларын әр уақыт есінде сақтауға тиіс. Бұл – мұғалімдерді өзіне және өз біліміне сын көзбен қарауға, өзіне - өзі берік талаптар қойып отыруға міндеттейді.

Білімнің ғылымға негізделу принципіннің тәрбиелік те үлкен мәні бар. Совет елінде ғылым және ғылым негіздері халыққа қызмет етеді. Білім алу – совет халқына, коммунизм құрылысына пайдалы адам болу деген сөз. Совет мұғалімдері ғылыми білім бере отырып, жас ұрпақтарды коммунизм құруға даярлайды, бұл – аса саңызды, аса құрметті іс.

2. Орфографияны оқытуда қолданылатын әдістер

2.1. Оқыту әдістері

Оқыту әдістері сан алуан. Солардың ішінде орфографияны оқытуға байланысты мына әдістерді қолдануға болады: 1) байқау әдісі, 2) баяндау әдісі, 3) әңгімелесу әдісі, 4) кітаппен жұмыс әдісі, 5) жаттығу әдісі, 6) талдау – жинақтау әдісі, 7) салыстырма әдіс, 8) индукция – дедукция т.б. [11, 199 б.]

Байқау әдісі. Нақты материалды меңгеруде байқау әдісі шешуші орын алады. Тіл сабағында оқушылар тілдік құбылыстарға тікелей байқау жасайды. Байқау процесі абстракт ойлауға негізделмейді, керісінше, байқау арқылы қорытындыланып, абстракт ой туады. Байқау танымдық роль атқарады. Ол – шындық өмір құбылыстары туралы түйсінуді реттейді. Сөзді немесе сөйлемді байқай отырып, оқушы тіл заңдылығының ережесін үйренеді.

Байқау жұмыстары баланың жан – жақты дамуына көмектеседі, сезім күшін арттырады, қабылдаудың маңызын көтеріп, зейінді тәрбиелейді, есті жетілдіреді, ынта – тілекті арттырып көркемдік талғамды дамытады. Байқау жұмысы бір жақты жүргізілмейді, мұнда мұғалім де, оқушы да белгілі мақсат жолында әрекет етеді, мұғалім көрсетеді, ал оқушы бақылайды. Байқаудың алғашқы сатысы қабылдау мен түйсінуді болып табылады. Жеке заттар мен құбылыстаржөніндегі түйсінуді нақты ұғымдар туғызуы тиіс, сонда ғана материалдар ретке келтіріледі, ал реттелген материалдар абстракт ойлау операцияларына беріледі.

Баяндау әдісі. Мұғалімнің баяндауы әрі әңгіме, әрі түсінік және нұсқау түрінде жүзеге асырылады. Мұғалімнің сөйлеуі, ойын көркем құрып баяндауы, тиісті дәлелдер келтіріп қорытындылауы тыңдаушыларға үлгі боларлық сипатта құрылуға тиіс. Бұл жағынан алып қарағанда, баяндау әдісінің тәрбиелік маңызы жоғары.

Мұғалімнің баяндауына оқушылардың тыңдау процесі үйлес келуі тиіс. Баяндауға қойылатын талап тыңдауға да қойылады. Баяндай отырып, оқушыларды тыңдай білуге баулиды. Баяндауды тыңдау ойлау қабілетін арттырады, әрекетке тікелей араластырып, оқушының көңіл сезімін оятады.

Баяндау әдісі басқа әдістер элементтерімен ұштастырылып отыруы тиімді. Баяндау барысында байқау, әңгімелесу және жазбаша жұмыстар қоса жүргізіліп, мұғалімнің сөзі өтіліп отырған объектіні көрсету, сұрау – жауаптар арқылы толықтырылып отырылса, оқушыжалықпайды. Көрнекі құрал пайдалану арқылы оқушының тікелей сезінуі және қабылдауы ұйымдастырылады.

Әңгімелесу әдісі. Оқытуда жиі қолданылатын әдістің бірі - әңгімелесу әдісі. Әңгімелесуді жаңа материалды түсіндіруге кірісу мақсатында да ұйымдастырып отыруға болады. Мұғалім сабақтың әрбір кезеңінде сыныпқа сұрақтар беріп, оқушылардың жауаптары арқалы сабаққа белсенді

катысуларын ұйымдастырып отырады. Баяндау әдісінің құрамына да әңгімелесу енгізіледі.

Баяндау әдісі сияқты, әңгімелесу әдісіндеде білім сөз арқылы, сөйлеу арқылы беріледі. Сөйлесу кезінде тек мұғалім ғана әрекет жасап қоймайды, оқушылар да белсенді қатынастырылады. Мұғалім сұрақтар қою арқылы оқушыларды белгілі бір мақсатқа бағыттайды, олар қойылған сұраққа жауап беру түрінде өз пікірлерін аша түседі. Сұрақ оқушыларға бұрыннан белгілі мәселелерден басталып, бірте – бірте күрделендіру жолымен жаңа білім алуға жетектерлік сипат алады. Сұрақты үнемі мұғалім қоя бермей, оқушылардың өздері де бір – біріне сұрақ қойып, өз ара әңгімелесу түрін ұйымдастыруға болады.

Әңгімелесу әдісін ұйымдастыруда оқушылардың бұрыннан білетін, олар меңгерген білімдері негіз болады. Мұғалім алдымен қайталау сұрақтарын қойып, соның ізінше әңгімелесу әдісіне көшуі де мүмкін немесе алдымен жаңа материал таныстырып алып, сол материалды әңгімелесу түрінде талқылауы да мүмкін. Әңгімелесу барысында оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Әңгімелесу материалды жинақтаудың және логикалық ойлау мүмкіндігін жасаудың тиімді әдісі болып табылады.

Оқушылар үшін әңгімелесу – коллективтік еңбек. Оқушыларды негізгі материалдармен алдын ала таныстыру, сұрақ – жауаптардың логикалық жүйесін дұрыс бергілеу, олардың кеңінен ойлау мүмкіндігін жасау, класты коллективті түрде қатыстыру, жауап беру кезінде оқушылардың еркін сезінуі, мұғалімнің бағыттаушы ролі мен оның қорытынды сөзі әңгімелесу әдісінің амалдары болып табылады.

Кітаппен жұмыс істеу әдісі. Оқушылар ең алдымен жұмыс істеуге үйретілуі тиіс. Оқулық нақтылы материалдарды меңгеріп, одан тиісті қорытындылар жасап отыруға көмектесетін, практикалық жұмыс икемділігіне нұсқайтын құрал болып табылады. Сонымен бірге оқушыларға сөздіктер мен анықтама кітаптарды пайдалану тәртібі, көркем шығармалар мен ғылыми – көпшілік әдебиеттерді пайдалану жолдары үйретіледі.

Кітаппен жұмыс істеу әдісінің тәрбиелік сипаты мол. Кітап оқу – оқушылардың ынталылығы мен қабілетін арттырудың маңызды факторы. Оқу және оқығанын ұғынып түсіну бірден нәтижелі бола қоймайды. Бастауыш кластан бастап оқушылар оқыған тексін түсінуге үйретіледі. Оқуға ынтасы арта түскен оқушы кітапты көбірек оқи бастайды, мәнерлеп оқуға төселеді, оқығаннан түсінгендерін жазып үйренеді, бірте – бірте сөздіктер мен анықтамаларды, иллюстрацияларды дұрыс пайдалана алады.

Жаттығу әдісі. Жаттығу арқылы оқушы білімі беки түседі. Жаттығу әдісі көп жағдайда қайталаумен байланысты. Жаттығу арқылы теориялық білім қайталанады. Жаттығу күрделі психологиялық функцияларға негізделеді. Ол – оқушылардың сезіну мен түйсінуге тікелей байланысты. Жаттығу үстінде қашан белгілі бір дағды қалыптасқанша, оқушының ойлау

жұмысы тоқтамайды. Жаттығу зейінді, есті және ерікті белгілі дәрежеде тәрбиелеуге көмектеседі.

Талдау – жинақтау әдісі. Зат және құбылыстарды тану үшін олардың жеке элементтерін ажырата білу, жеке бөліктердің атқаратын қызметі мен алатын орнын біле отырып, олардан тиісті логикалық қорытындылар жасап отыру – талдау – жинақтау әдісі бойынша жүзеге асырылады. Бүтінді бөлшекке бөлу – талдау, ал бөлшектен бүтін құру – жинақтау. Талдау мен жинақтау жеке – жеке емес, бірлікте қаралатын болғандықтан, талдау – жинақтау әдісі деп қосылып айтылады.

Тіл сабақтарында, сөйлем сөздерге, сөз буындарға, буын дыбыстарға жіктелетіндігі, керісінше, дыбыстардан буын, буындардан сөз, сөздерден сөйлем құралатындығы белгілі. Айталық, тұтас сөзді талдатып үйрету үшін, оқушылар «сөз», «буын», «дыбыс» деген грамматикалық терминдерді білуі керек. Әсіресе бастауыш класс оқушылары сөйлемдегі жеке сөздерді оңай тауып атағанымен, сөзді жеке бөліктерге бөлуде көбірек қиналады. Сондықтан да мектеп практикасында фонетикалық талдауға жете мән беріліп отырылуы керек.

Грамматика тілдегі тіл формасы мен мағынасы жөніндегі ілім болғандықтан, жеке формалар даралай бөліп алып, оған мағыналық анализ жасайды, сөйтіп оны белгілі жүйеге келтіреді. Соның нәтижесінде сөз формалық жағынан да, мағыналық жағынан да саналы түрде жете танылады. Бұл –тілдік құбылыстарды оның табиғатына қарай синтетикалық тану болып табылады.

Салыстырмалы әдіс. Салыстырмалы әдіс оқушылар зейінін өтіліп отырған объектіге аударып, оны жақсы меңгеруге көмектеседі, оқушылардың саналы түрде логикалық ойлауын дамытып, алған білімін практикада саналы түрде қолдана білу мүмкіндігін жасайды, оқушылардың сөздері өз орнына қолданып, тіл мәдениетін дамытады.

Грамматикалық ереже немесе емлені салыстыру кезінде грамматикалық категориялар мен формалар арасында қандай ұқсастық немесе қандай ажырым бар екендігі ашылады. Сөйте отырып, материал арасындағы бәріне ортақ ерекшелік аңғарылады.

Салыстырма әдісті әр түрлі сипатта жүргізуге болады.

1. Сабақта орын алатын ақыл – ой жұмыстарының сипаты бойынша салыстыру екі түрлі мақсат көздейді: а) ұқсастық белгілерін анықтау, ә) ажырым белгілерін анықтау.

Объектінің көлемі бойынша бір ғана жолмен алыстырылатын жай салыстыру және әр түрлі жолмен салыстырылатын күрделі салыстыру жүргізіледі.

2. Салыстырылатын объектілер сипатына қарай:

- а) емле ережелері салыстырылады;
- ә) сөздердің айтылуы мен жазылуындағы ұқсастықтары мен ажырымдары салыстырылады;
- б) сөздердің лексикалық мағынасы салыстырылады;

в) сөздердің морфологиялық бөліктерінің ұқсастықтары мен ажырымдары салыстырылады;

г) грамматикалық категориялар мен олардың тұлғалары сипатталады т.б. [12, 56 б.]

2.2 Орфографияны оқытуда грамматикалық ереженің ролі

Грамматикалық ереже қолдану тәртібі Я.А.Коменскийге дейін былайша жүйеленетін еді. Алдымен ереже айтылып, одан кейін мысал келтіріліп, ең соңында жаттығу жүргізілетін, Коменский бұл схемаға өзгеріс енгізіп, бірінші орынға мысалдарды, екінші орынға ережені қойды.

Бұл тәртіп бойынша, оқушылар сол ережеге жаңадан мысал ойланады немесе ережені қалай қолданудың жолын қарастырады. Мұндай процестер арқылы тек мысалдар таңдалынып қоймай, ережеге бірнеше дүркін қайта оралуға мүмкіндік туады, сөйтіп ережені саналы түрде меңгеруге қолайлы жағдай жасалады. Дидактикалық бұл схеманы жүзеге асыру оқу процесінде оқушылардың ережені догматикалық, механикалық жаттап алудан арылып, тіл заңдылығын саналы меңгеруіне жағдай жасаайды.

«I. Әрбір ғылым өте тұжырымды, дәл ереже арқылы берілуі тиіс.

II. Әрбір ереже қысқа, бірақ өте айқын сөздермен баяндалуы тиіс.

III. Әрбір ереже түсінікті болып, оны әр түрлі жолмен пайдалана алатын болуы үшін көптеген мысалдар берілуі керек. («Ұлы дидактика», XVII тарау, § 24)».

Жаңа материалды түсіндіру алдында оған әзірлік жұмыстарын ұйымдастырған тиімді. Өтілетін материалдың тақырыбын тақтаға жазу әзірлік жұмысының бір түрі болып табылады. Алайда, бұл істі барлық мұғалім әр уақытта орындап отырмайды. Өтілетін материал тақырыбын тек ауызша айтып қана қою оқушылар зейінін аудармамайды. Ал егер «Біз бүгін ү әрпінің жазылу емлесін оқимыз. Сендер ү әрпі і әрпімен ауысып жазылатындығына назар аударыңдар» деген түрде алдын ала ескерту жасалып отырылса, оқушы бүгінгі сабақ мақсатын түсінетін болады. Сабақты өтпей тұрғанда, оқушы ү мен і әрпінің алмасып жазылатындығына күмән келтірілуі мүмкін. Алайда, ү мен і үнемі алмаса бермейтіндігін оқушылар есте ұстаулары керек. Санаулы сөздерге ғана сөйлемнің соңғы буынында ү әрпі жазылатындығы жөнінде орфографиялық ережені мұғалім түсіндіріп, сөздер көрнекі құрал арқылы немесе тақтаға жазылып көрсетіледі.

Мұғалімнің жетекші сұрақтары арқылы өтілетін материалға лайықты талдау жасата отырып, орфографиялық ережені оқушылардың өздеріне айтқызу да грамматикалық ережені білгізу жолындағы жұмыс тәсілдерінің тиімді варианты болып саналады. Мұндай жұмыс кезінде оқулықты пайдалануға да болады. Оқулықтағы орфографиялық ережені бір оқушы оқиды да, 2 – 3 оқушы оны қайталап айтып шығады.

Озат мұғалімдер жаңа материалды өту кезінде грамматика оқулығында берілген анықтама ережелер мен түсініктемелерді кітаптан

оқытып, оларға түсіндірмелі талдау жасап отырады. Бұл – оқушы білімнің үстірт болмай, берік болуына мүмкіндік жасайды. Мектеп грамматикасы тілдік мәселенің тек негізін қалайды, ғылыми – практикалық дерек береді, ол деректер тұжырымды баяндалады. Тұжырымдалған грамматикалық анықтама ережеде әдеби тілдің нормасы сақталады, аз сөзбен көпті мегзейді. Міне, сондықтан да ықшамды жазылған тұжырымды анықтама ережені оқушыларға жаймалай түсіндіруге тура келеді, тілдің сөйлеу нормасы бойынша, ұғымның қарапайым баламасы ұсынылады. Сөйтіп, белгілі грамматикалық мағлұматты оқушылар мұғалімнің түсіндіруі арқылы да, оқулық арқылы да игереді. Оқулықтың білімдік те, тәрбиелік те мәні бар.

Мұғалімнің мақсаты – белгілі грамматикалық категорияларға байланысты оқулықта берілген анықтама ережені ғана бергізіп қою емес, сол ережеге сүйене отырып, тілдік материалды таныту, соның төңірегінде оқушыны ойланту, ақыл – ойын дамыту. Оқылған грамматикалық категорияны оқушы тани білуге, оны түрлендіруге, емлесін жазу практикасында мүлтіксіз қолданып отыруға тиіс. Бұл үшін материалды жақсы түсініп, берік меңгеруі керек. Бұл үшін материалды жақсы түсініп, берік меңгеруі керек. Мұғалім түсіндіру үстінде оқушылар назарын өзіне аудартады. Жалықтырмас үшін сұрақ – жауап арқылы оларға әңгімелетеді, сөйтіп сабаққа оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Мұндай жағдайда оқушылардың оқулықпен өздігінен жұмыс жүргізуі материалды пысықтау немесе қайталау түрінде жүзеге тасырылады.

Ережеге, әдетте, жазуды орфографиялық нормаға түсірудің құралы болып табылады. Тіпті кейде жеке бір сөзді жазудың да өзіндік ережесі болады.

Ережелерді меңгеру нәтижесінде қалыптасатын орфографиялық дағды да жинақұтық ұғымға ие болады. Оқушылар белгілі ереже бойынша өздері таныс сөздерді ғана дұрыс жазумен шектелмейді, сол орфограммамен жазылатын өздеріне таныс емес сөздерді де қатесіз жазатын болады.

Жинақтық дағды қалыптастыру үшін әр түрлі лексикалық, синтаксистік материалдарға негізделген жаттығу жұмыстары жүргізілуі тиіс. Нақтылы материалдарға жаттыға отырып, абстракциялау да шешуші роль атқарады. Бір вариантты ереже белгілі фонетикалық немесе грамматикалық ситуациялардың жазылуын бір түрде ғана сипаттаса, көп вариантты ереже олардың жазылуын кемінде екі жолмен көрсетеді.

Мектепте білім беру жұмысында сабақ шешуші роль атқарады. Қандай да болмасын сабақ жүйесінде оқушыларды сабаққа әзірлеу, олардың зейінін аудару, жаңа білім беру жолында тиісті әдіс – тәсілдер қолдану, практикалық жолмен жаттықтыру, білімдерін бекіте түсу үшін қайталау ұйымдастыру, үйге берілген тапсырманы орындау мүмкіндігін жасау сияқты әр түрлі сабақ буындары кіреді. Бұл буындарды сабақтың қай кезеңінде қалай пайдалану мұғалімнің оқыту шеберлігіне байланысты болмақ. өтілетін материалдың мазмұнына, ауыр – жеңілдігіне және оқушылардың білім дәрежесі мен даярлығына қарай сабақ сан алуани жолмен ұйымдастырылады.

Сабақты белгілі мақсатқа бейімдеп, оны тиімді ұйымдастыру үшін сабақ материалдары күн ілгері нақтылануы тиіс.

Орфографияны үйрету сауат ашудан басталатындығы белгілі. Сауат ашу әліппені оқыту арқылы жүзеге асырылады. Шын мәнінде, оқушының жазу сауаттылығының түп қазығы - әліппені жүйелі оқыту. Қазақ совет мектебі тарихында бұл мәселеге ең басты көңіл бөлініп келеді. Латын жазуы негізінде жасалған әліппелерді оқыту жөнінде жазылған мақалалар мен Ә.Сәдуақасовтың 1940 жылы шыққан «Сауат ашу методикасы» еңбегін айтпағанның өзінде, оқуды өмірімен байланыстыру жөніндегі партия мен үкімет қаулыларынан кейінгі жалдар ішінде әліппені оқытуға байланысты елеулі ғылыми – методикалық жұмыстар жүргізілді. Көрнекі педагогикамыз Ә.Сытдықов, тіл ғалымы Ә.Ермеков, практик – мұғалім әрі методист Ж.Жолаевтар бірлесіп, әліппені оқыту жөнінде методикалық еңбек жазды. Олар сауат ашудың дыбыс жүйелі талдау – жинақтау әдісін ұсына отырып, оны былайша нақтылай түсті.

«Бірінші әдіс – әріп әдісі немесе әріп жинақтау әдісі. Мысалы, **ма** буынын оқыту үшін **м** дыбысын созыңқырап, **а** дыбысына жалғастырады.

Екінші әдіс – оқуға, жазуға үйретудің дыбыс жүйелі әдісі.

Жазу (әріп) сөйлну тілінің өрнегі болғандықтан, алдымен сөйлеу тілінің дыбыстарын ажыратып үйрену керек делінеді.

Үшінші әдіс – буын жүйелі әдіс: жеке әріпті не жеке дыбысты тек сөйлеу тілінде естілуінше, айтылуынша буынға бөлгізіп үйрету. Сондықтан жеке дыбыс, әріп буыннан ажыратылады.

Төртінші әдіс – бүтін сөз әдісі: бұл әдіс жеке сөздердің айтылуын, таңбаланудағы айырмашылығын негіз етіп алады. Шынында, бұл біз атап өткен төрт әдістің өзгертілген, толықтырылған, жақасартылған түрлері әлі де көп» [13, 99 б.].

Сауат ашу мәселесін арнайы зерттеген практик – мұғалім, қазірде педагогика ғылымының кандидаты, методист, М.Жұбанов сауат ашу методикасының мазмұны мен негізін ғылыми және практикалық тұрғыдан терең зерттей отырып, «Әліппе» оқулығының құрылысына түбірлі өзгеріс енгізді және сауат ашудың жаңа жүйесі мен тиімді әдістерін ұсынады.

«Жаңа жүйенің жаңалығы сол, – деп көрсетеді М.Жұбанова, – біз, ең алдымен, қазақ тілі фонетика ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып, жеке дыбыстардың қасиеттеріне ерекше көңіл бөлдік. Мысалы, дауыстылардың ашығын қысаңынан бұрын өткіздік. Жуанын жіңішкесінен бұрын өткіздік. Бұл жерде, бір жағынан, олардың сөз ішінен естілуіне қарасақ, екінші жағынан, дауысты мен дауыссыздардың сөз ішіндегі бір – біріне тигізетін әсеріне де қарадық. Дәлірек айтқанда, жуан буындағы дауысты мен дауыссыздың қосып, сөзді тұтас артикуляциялау жіңішкелерден бұрын өткізуді ұсындық...

Жаңа жүйеде біз дыбыстарымыздың қосарланып келетінін ескеріп, оларды салыстыру арқылы таныттық. Мысалы, жуан дауыстылар жіңішке сыңарларымен салыстырылды, қатаң дауыссыздар ұяң сыңарларымен

салыстырылды. Қорыта айтқанда, біз бұрынғы оқушылар тек көру сезіміне әсер етуді ғана көздеген, дыбыс сөздің басында келсе ғана таныту оңай болады деген қағидадан ауытқып, сауат ашу жүйесін, сонымен қатар балалардың есту сезіміне де әсер ететіндей етіп, яғни дыбысты ең анық естілетін позициядан бастап танытып алып, біртіндеп барлық позициядан да таныту керек деген пікірді қостадық».

Фонетиканы оқыту барысында ой құру жөніндегі дыбыстың роліне, орфоэпиялық және орфографиялық дағды қалыптастыруға, оқушылардың логикалық ойлауы мен сөйлеу тілінің дамуына басты назар аударылуы тиіс. Фонетикалық материалдар лексика және грамматикамен тығыз байланыста оқытылады. Өйткені дыбыс сөздің мән – мағынасын ажырату мүмкіндігін береді (ән – өн, мен – сен, тек – төк т.б). дыбыссыз сөз құрылысындағы өзгерістерді байқау да мүмкін емес, сөзге жалғанатын қосымшалар белгілі дыбыстық жүйе арқылы сараланып отырылмақ.

Фонетиканы оқи отырып оқушылар әдеби тілдің орфоэпиялық нормаларымен танысады. Бұған дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстар, олардың жуан, жіңішке, үнді, ұяң, қатаң түрлері негіз болады.

Орфоэпиялық кемшілік сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алмаушылықтан, өте шапшаң немесе өте баяу сөйлеуден, белгілі бір дыбысты айта алмағандықтан болады. Бала көбінесе **р, л, ш, ж, ч, щ, с, ц, э** дыбыстарын дұрыс айта алмайды. Соның әсері жазуға да тиіп, *бар* сөзін *бал*, *жоқ* сөзін *тсоқ* деп қате жазады.

Сөйлеудегі кемшілікті жою үшін оқушы әрбір дыбыстың пайда болу процесін, қандай дыбыстау мүшелері қатысатынын ұғыну қажет. Бұл үшін сөйлеу аппараттарының дыбыс жасаудағы қалпын (қызметін) көрсететін кесіндіні мұғалім оқушыларға таныстыруы тиіс. Сөйте отырып, белгілі бір дыбысты айтқызып, олардың өздеріне байқау жасату тиімді. Тек байқау нәтижесінде ғана оқушылар дыбыстың жасалу процесіне көз жеткізіп, дыбыстау мүшелерінің қызметімен танысады. Осындай жолмен мұғалім оқушылардың орфоэпиялық кемшіліктерін жоюға көмектеседі [14, 99 б.].

Кейбір диалектілік сөйлеу ерекшелігі бар оқушылармен орфоэпиялық жұмысты байланысты жүргізуді есте ұстау керек. Оқушылардың сөзіндегі диалектілік қатерлерді түзету үшін мына сияқты жұмыстар жүргізуге болар еді:

1. Оқушылардың неғұрлым көбірек қате жіберетін сөздерін таблицаға түсіріп, класқа іліп қою қажет. Таблицадағы сөздермен танысып, дұрыс айтуға төселу керектігі оқушыларға алдын ала ескертіледі.

2. Дыбыстық алмасу кездесетін сөздерді оқушыларға жаздырып, алмасып естілетін дыбыстардың асты сыздырылады.

3. таблицаға я тақтаға диалектілік варианттары бар сөз жазып, қайсысы әдеби нұсқаға жататынын айтқызып және дәптерлеріне жаздырылады.

4. Көркем әдебиет шығармаларынан арнаулы текстер оқып, қажетті дегендерін жаттады.

5. Көркем сөз шеберлерінен жазылып алынған грампластинкалар мен магнитофон тыңдалады.

Фонетиканы оқыту барысында орфографияны үйрету елеулі орын алады. Орфографияны берік меңгеру оқушылардың ережені пайдалана отырып, дыбыс пен әріпт ара қатынастарын аша білуіне негізделеді. Тілде әр түрлі фонетикалық құбылыстар болады. Тілдік қызметті атқару барысында фонемалар өзінің естілу ерекшелік сипатын сақтауы да, түрлі өзгерістерге ұшырауы да мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Орфография – біртұтас жазу жүйесі болғандықтан ол міндетті түрде тілдердің рухани және материалдық мәдениетінің өркендеуіне белгілі дәрежеде ықпал етеді. Өйткені көптеген мәдениет қайраткерлері жазудың сауатты болуын және оқырманның мәтінді жеңіл түсінуін талап етті. Мәселен, 18 ғасырда-ақ А.П.Сумароков орфографиялық заңдылықтарда осы оқырманға түсінікті болу шартының сақталмағанына қарсылық білдіріп, оны білімсіздіктің ең төменгі дәрежесі деп есептегені белгілі.

Жазу – адамдардың қарым-қатынастарының бір түрі болғандықтан, жазбаша қарым-қатынастың өзіндік ерекшелігі бар. Жазбаша сөйлеу (сауатты жазу) – тілдік тұлғалардың графикалық, фонетикалық жүйесіне негізделген; лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдық мазмұны мен формасын қамтитын адамдардың ұзақ мерзімді қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет.

Жазбаша сөйлеу біріншіден, әріптің, сөздің графикалық таңбасы арқылы жүзеге асады; екіншіден, бұл графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық мағыналық қасиетке ие болады; үшіншіден, жазылу құбылысында сөйлесу әрекетінің барлық түрі қатысады; төртіншіден, жазу үстінде тіл үйренуші адам сөйлемнің мазмұн мағынасына ғана емес, формасына да көңіл аударуға мәжбүр болар еді; бесіншіден, жазылып қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуына тікелей байланысты жүзеге асады.

Орфографияны оқытуда грамматикалық ережелердің ролі туралы айтқанда грамматикалық ережені қолданудың тәртібі Я.А. Коменскийге дейін былайша жүйеленген. Алдымен ереже айтылып, одан соң мысал келтіріп, ең соңында жаттығу жүргізілетін. Коменский бұл схемаға өзгеріс енгізіп, бірінші орынға мысалдарды, екінші орынға ережені қойды.

Бұл тәртіп бойынша, оқушылар сол ережеге жаңадан мысал ойланады немесе ережені қалай қолданудың жолын қарастырады. Мұндай процестер арқылы тек мысалдар таңдалынып қоймай, ережеге бірнеше дүркін қайта оралуға мүмкіндік туады, сөйтіп ережені саналы түрде меңгеруге қолайлы жағдай жасалады. Дидактикалық бұл схеманы жүзеге асыру оқу процесінде оқушылардың ережені догматикалық, механикалық жаттап алудан арылып, тіл заңдылығын саналы түрде игеруіне жағдай жасайды.

Коменский ереже жөнінде мынадай талаптар қояды: 1) әрбір ғылым өте тұжырымды, дәл ереже арқылы берілуі тиіс. 2) әрбәр ереже қысқа бірақ өте айқын сөздермен баяндалуы тиіс. 3) әрбір ереже түсінікті болып оны әртүрлі жолмен пайдалана алатын болуы үшін көптеген мысалдар берілуі керек.

Жаңа материалды түсіндіру алдында оған дайындық жұмыстарын ұйымдастыру тиімді. Өтілетін материалдың тақырыбын тақтаға жазу әзірлік жұмысының бір түрі болып табылады. Алайда, бұл істі барлық мұғалім әр

уақытта орындап отырмайды. Өтілетін материал тақырыбын тек ауызша айтып қана қою оқушылар зейінін аудара алмайды. Ал егер «Біз бүгін ү әрпінің жазылу емлесін оқимыз. Сендер ү әрпі і әрпімен ауысып жазылатындығына назар аударыңдар» деген түрде алдын ала ескерту жасалып отырса, оқушы бүгінгі сабақ мақсатын түсінетін болады. Сабақты өтпей тұрғанда, оқушы ү мен і әрпінің алмасып жазылатындығына күмән келтіруі мүмкін. Алайда, ү мен і үнемі алмаса бермейтіндігін оқушылар есте ұстаулары керек. Санаулы сөздерде ғана сөйлемнің соңғы буынында ү әрпі жазылатындығы жөнінде орфографиялық ережені мұғалім түсіндіріп, сөздер көрнекі құрал арқылы немесе тақтаға жазылып көрсетіледі.

Мұғалімнің жетекші сұрақтары арқылы өтілетін материалға лайықты мысалдарға талдау жасата отырып, орфографиялық ережені оқушылардың өздеріне айтқызуда грамматикалық ережені білгізу жолындағы жұмыс тәсілдерінің тиімді варианты болып саналады. Мұндай жұмыс кезінде оқулықты пайдалануға да болады. Оқулықтағы орфографиялық ережені бір оқушы оқиды да, екі, үш оқушы оны қайталап айтып шығады. Озат мұғалімдер жаңа материалды өту кезінде грамматика оқулығында берілген анықтама, ережелер мен түсініктемелерді кітаптан оқытып, оларға түсіндірмелі талдау жасап отырады. Мектеп грамматикасы тілдік мәселенің тек негізін қалайды, ғылыми-практикалық дерек береді, ол деректер тұжырымды баяндалады. Тұжырымдалған грамматикалық анықтама ережеде әдеби тілдің нормасы сақталады, ол орфографияны меңгеруде сол ережелердің дұрыс сақталуы аса қажет.

Ереже, әдетте, жазуда орфографиялық нормаға түсірудің құралы болып есептеледі. Тіпті кейде жеке бір сөзді жазудың да өзіндік ережесі болады.

Ережелерді меңгеру нәтижесінде қалыптасатын орфографиялық дағды да жинақтық ұғымға ие болады.

Қазақ орфографиясын қалыптасытыру және оны игеруде оның принциптерін жетік игерудің маңызы зор. Орфографияны оқытудың принциптерін игеруде табысқа жету көп жағдайда оқушылардың қабылдауын дұрыс ұйымдастыруға байланысты. Осыдан келіп қабылдаудың айқындылығы оқытудың бірінші принципін құрайды.

Көптеген тілдердің орфографиясына көбінесе екі-үш түрлі принцип негіз болады, олар: морфологиялық және фонетикалық принциптер.

Морфологиялық принцип бойынша сөз бөлектерінің түбір тұлғалары сақталып жазылады.

Фонетикалық принцип бойынша сөз бөлшектері айтылуынша, естілуінше жазылады.

Орфографияда бұлардан басқа дәстүрлік немесе тарихи принцип те бар. Дәстүрлі принцип бойынша жазу сөз бөлшектерінің түбір тұлғасын сақтау ережесіне естілуінше сай келмейді, мұнда сөздердің бір кездегі қалыптасып, үйреншікті болып жеткен жазылу түрі сақталады.

Қазақ орфографиясының негізі морфологиялық принциптерге сүйенеді.

Қазақ тіліндегі сөздердің басым көпшілігінің негізгі түбір тұлғасы сақталып жазылады. Мысалы, жұмыс, іс, аш деген түбірлерге –шы, -шең, -са қосымшалары жалғанғанда олардың естілуі (айтылуы) жұмыс, жұмышшы, ішсең, ішшең, ашса, ашша түрінде жазылады.

Сондай-ақ қашан+ғы, түн+гі, бұрын+ғы, күн+ге, мұрын+ға деген сөздер мен қосымшалардың естілуі (айтылуы) қашаң+ғы, түң+гі, бұрың+ғы, күң+ге, мұрың+ға болады. Бірақ бұлардың айтылуы есепке алынбай, сөздердің түбір тұлғалары сақталынып қашанғы, түнгі, бұрынғы, күнге, мұрынға болып табылады. Біріккен сөздер мен қос сөздер, негізінен, морфологиялық принцип бойынша жазылады: қара+күйе (кұрт), қара+құйрық (жануар), өгіз+шағала (құс), жар+қабақ, орын-басар, шек+ара, алма+кезек, көзбе+көз, қиян-кескі деген сөздер біріккенде не қосарланғанда, айтылуы қарагүйе, қарағұйрық, өгішшағала, жарғабақ, орымбасар, шегара, алмагезек, көзбегөз, қиянгескі болады. Бірақ бір сөздің түбір тұлғасы сақталып қаракүйе, қара құйрық, өгізшағала, жарқабақ, орынбасар, шекара, алмакезек, көзбекөз, қиян-кескі түрінде жазылады. Сөйлем ішіндегі сөздерді жазуда да аралықтарындағы бір – біріне тигізетін дыбыстық ықпалдары еске алынбай, жеке сөздің тұлғасы сақталып жазылады. Мысалы, Торат қарагер атқа қарағанда ласалау. Дұрыс жазылуы – Торы ат қара кер атқа қарағанда аласалау. Айтылуы Балалар доб лақтырыб ойнаб жүр. Жазылуы Балалар доп лақтырып ойнап жүр.

Қазақ тілінде фонетикалық принциптің де орны ерекше. Мысалы, 1) қазақ тілінде септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғаулары сондай-ақ, жұрнақтардың көпшілігі сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай және соңғы дыбысына қарай түрленіп жалғанады. Қала+лар, көше+лер, қала+ның, көше+нің, қаз+дың, хат+тың, сүт+тің, қалам+ым, дәптер+ім жалғаулары естілуінше жазылады. 2) қатаң **п, қ, к** дыбыстарына біткен сөздерге дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда қатаң дыбыстар ұяң естіледі. Кітап+ым=кітабым, тарақ+ы=тарағы, күрек+ің=күрегің; 3) қазақ тілінде **п** дыбысына аяқталатын етісімтіктерге көсемшінің –ып, –іп жұрнақтары жалғанғанда, қос **п** қатар айтылған немесе алғашқысы ұяңдалмай, **у** дыбысына айналып кетеді және сол естілуінше жазылады: кеп+іп=кеуіп (кепіп, кебіп емес), жап+ып=жауып (жапып, жабып емес). Ал, -пы, -пі дыбыстарына аяқталатын етістіктерге **п** жұрнағы жалғанғанда алдыңғы ережеге бағынбай екі **п** дыбысы араларына **ы, і** дыбыстарын салып қатар естіледі. Мысалы: күпі, лепі сияқты сирек қолданылатын етістіктердің көсемше түрі: күпі+п=күпіп (отыр), лепі+п=лепіп (отыр); 4) бірсыпыра біріккен сөздер әр сыңарының түбір тұлғасын сақтамай естілуінше жазылады: белбеу (бел+беу), қолғабыс (қол+қабыс), қолғап (қол+қап), алабота (ала+бота). Бұлардың бірсыпырасында жеке дыбыстарының өзгеруі ғана емес, тұтас түбірдің өзгеруі еске алынады: бүгін (бұл күн), биыл (бұл+жыл), жаздыкүні (жаздың+күні), әпер (алып+бер), әкет (алып+кет), апар

(алып+бар), өйткені (олай+еткені), сөйтіп (солай+етіп), Өмірзақ (Өмірі+ұзақ), Ұлбосын (Ұл+болсын).

Бұл сияқты фонетикалық принциппен жазылатын біріккен сөздердің саны морфологиялық принциппен жазылатындарына қарағанда, әлдеқайда аз. Сондықтан кез-келген біріккен сөзді естілуінше жазуға тырысудан сақ болу керек.

Дәстүрлілік принципі бойынша жазылатын сөздер қазақ тілінде кемде-кем. Оған хат, халық, хабар, хал, хан-хана сияқты сөздердің х әрпі арқылы жазылатындығын мысал етуге болады. Бұл сөздердегі х әрпі сөздің түбірін сақтау үшін немесе естілуінше жазылып тұрған жоқ. Бұлардың кейде айтылуы – қалық, қабар, қал, қан-қана. Бірақ 1940 жылы қазақ қазақ тілінің жаңа алфавиті мен орфография ережелері қабалдағандығы бірқатар сөздерде х әрпі жазылады деген ереже алынды да, содан бері жазу практикамызда бұл сөздердің х арқылы таңбалануы үйреншікті болып, дәстүрге айналып кетті.

Орыс тілінен ертеректе еніп, дыбысталуы жағынан өзгеріп қолданылып кеткен бірқатар сөздер дағды бойынша сол қалпында жазылады самаурын (самовар емес), пәуеске (повозка емес), шайнек (яйник емес), облыс (область емес). Бұл сөздердің жазылуы да дәстүрлік принципке сүйенген.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Б. Құлмағанбетова. Қазақ тілінг оқыту методикасы. А., 1982ж.
2. С. Рахметова. Қазақ тілін оқыту методикасы. А., 1991ж.
3. Ф. Оразбаева. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. А., 2003ж
4. С. Қазыбаев. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А., 1998ж.
5. Х. Арғынов. Қазақ тілі методикасы. А., 1974ж.
6. К. Бозжанова. Бастауыш мектепте оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру. А., 1989ж.
7. Әбдікәрімова Т., Рахметова С., Қабатаева Б. Ана тілі. Оқыту әдістемесі. А., 1999.
8. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А., 2005.
9. Рахметова С., Жаманқұлова П., Қабатаева Б. Ана тілін оқыту әдістемесі. А., 1998.
10. Уәйісова Г., Жұмабаева Ә. Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. А., 1999.
11. Бейсенбаева З. Сөзжасамды оқытудың ғылыми - әдістемелік негіздері. А., 1998
12. Қазақ тілі бағдарламасы (2,3,4, - сыныптар). А., 2003.
13. Б. Құлмағанбетова. Қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту. А., 1992ж
14. С. Исаев. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. А., 1992ж.
15. К. Қадашева. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А., 2006ж.
16. Б. Ысқақ. Сыныптан тыс жұмыстар. А., 2002ж.
17. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. - Алматы: «Қазақ тілі», 1988
18. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Астана: «Зерде», 1995
19. Жолымбетов Қ. Қазақ орфографиясын игерудің негіздері. - Алматы, 1989